

жауапкершілік алмайды. Алқаның мүшелері Алқаның қарыздары және міндеттемелері бойынша жауапкершілік алмайды.

9. Алқа Республикалық адвокаттар алқасының құрамына «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген тәртіпте және шарттарда кіреді.

2. АЛҚА ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ

10. Алқа адвокаттардың жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтарын және заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және осы Жарғымен бекітілген өзге қызметтерін орындау үшін жасалған коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

11. Алқа қызметінің мәні адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сот арқылы қорғауға және заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарын іске асыруға және дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу болып табылады.

Осы мақсаттарда Алқа қылмыстық және азаматтық істерде, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуде жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және өкілдік ету, дауды бейбіт жолмен реттеу, адвокаттардың ерікті түрде жүзеге асырылатын кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету бойынша адвокаттардың қызметін ұйымдастырады, сондай-ақ адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуде қатысуын қамтамасыз етеді.


12. Алқаның өз қызметтерінің мақсаттарына қол жеткізу үшін негізгі міндеттері:

- 1) алқа мүшелерінің өз адвокаттық қызметтерін жүзеге асырған кезде оларға жәрдемдесу, кәсіптік көмек көрсету және оларды қорғау;
- 2) алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;
- 3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;
- 4) алдын ала тергеу органдары мен соттың тағайындауы бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегінің көрсетілуін және қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

3. АЛҚА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

13. Алқаның мүшесі:

- 1) Алқаның, оның органдарының және лауазымды тұлғалардың тарапынан берілетін жәрдемді, кәсіптік көмек пен қорғауды пайдалануға;
- 2) Алқа органдарына сайлауға және сайлануға;
- 3) Алқа органдарының алдына алқа қызметіне қатысты мәселелер қоюға, алқа мен оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар



енгізуге, шешімдерді талқылау мен қабылдауға қатысуға, Алқа органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдар ұсынуын талап етуге;

4) өзінің қызметін немесе мінез-құлқын Алқа органдары тексерген және талқылаған барлық жағдайларда оған жеке өзі қатысуға;

5) адвокаттардың тәртіптік комиссиясының (бұдан әрі - Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы) шешіміне Республикалық адвокаттар алқасында немесе сотта дау айтуға;

6) Алқаның осы Жарғысында айқындалған тәртіппен және шарттарда мүлкін пайдалануға;

7) Алқаның құрамынан өз еркімен шығуға құқығы бар.

14. Алқа мүшесі міндетті:

1) адвокаттық қызмет саласында «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінің және осы Жарғының талаптарын сақтауға;

2) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңымен және Адвокаттардың кәсіптік әдеби кодексінің көзделген адвокат мінез-құлықтарының кәсіптік және әдептік нормаларды, сондай-ақ Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының уәкілетті органмен келісімі бойынша бекітілген заң көмегін көрсету стандарттарын сақтауға;

3) кәсіптік құпияны сақтауға;

4) Жалпы жиналыстарға (Конференцияларға) қатысу;

5) Жалпы жиналыстың (Конференцияның), Алқа органдарының, Республикалық адвокаттар алқасының және оның органдарының шешімдерін орындауға;

6) мүшелік және нысаналы жарналар төлеуге;

7) Төралқаға көрсетілген заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесінде қатысқан жағдайда бекітілген нысан бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсеткендігі туралы есепті уақтылы ұсынуға;

8) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда лицензияға адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге;

9) Төралқаға өзінің кеңсесінің заңды мекен-жайының, тұрғылықты орнының, телефон нөмірлерінің, электрондық пошта мекен-жайының өзгергені туралы тиісті оқиға түскен уақытынан бастап, Түркістан қаласының, облыстың шектерінен шығуы туралы (кезекті еңбек демалысында болған жағдайларын қоспағанда) үш жұмыс күн ішінде жазбаша түрінде хабарлауға;

10) өзіне өтініш жасаған тұлғамен заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты міндетті түрде жасауға;

11) әрбір іс бойынша, соның ішінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсеткен жағдайда да, қадағалау өндірісін жүргізуге;

12) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы айқындаған жағдайларда және тәртіппен қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға мәліметтер мен ақпараттар

беруге;

13) олардың адвокаттық қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіру және кәсіптік қатыстылығының дәлелі бойынша кемсіту фактілері туралы Төралқаға уақтылы хабарлауға;

14) Адвокаттардың тәртіптік комиссиясына заң көмегін көрсету туралы, соның ішінде бюджеттік қаражаттар есебінен, қабылданған шешім бойынша адвокаттың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне жеке немесе заңды тұлғалардың шағымдарын және басқа өтініштерін тексеру үшін қажетті материалдарды ұсынуға;

15) Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының отырыстарына оның шақыруы бойынша келуге;

16) тәртіптік істі қарау нәтижелері бойынша Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы белгілеген мерзімдерде анықталған бұзушылықтарды жоюға міндеттейтін, Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының ұйғарымдарын орындауға;

15. Алқа мүшесі адвокаттық қызметті жүзеге асырған кезде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілермен көзделген құқықтарға ие және міндеттер алады.

16. Алқаның мүшелері өзінің құқықтарында және міндеттерінде бірдей тең.

17. Алқаның мүшесі Алқаның алдында өзге біржақты мүліктік міндеттемелерді алуға міндетті емес, мүшелік және нысаналы жарналарды уақтылы төлеу міндеттемесінен басқа.

4. АЛҚА МҮШЕЛІГІНЕ ҚАБЫЛДАУ, МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ТӘРТІПТЕРІ

4.1. Алқа мүшелігіне қабылдау тәртібі


18. Адвокаттар алқасында мүшелік ету міндетті болып табылады. Төралқа Адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауға жоғары заң білімі, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы бар, тізімін Төралқа бекіткен құжаттардың қосымшаларымен, Қазақстан Республикасы азаматының өтініші негізінде жүзеге асырады.

Төралқаның төрағасы Алқаның мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы мәселені жалғыз өзі қабылдауға құқығы жоқ.

Төралқа өтінішті қарауды бастағанға дейін үміткердің ұсынған құжаттарының растығын тексеруге және түскен өтініш бойынша негізделген шешімді қабылдау үшін қажетті өзге ақпаратты жинауға құқығы бар.

19. Алқаның мүшелігіне қабылдау туралы өтініші Төралқаның кезекті отырысында, бірақ Төралқаға түскен күнінен бастап айлық мерзімінен аспаған, үміткердің қатысуымен қарастырылады.

20. Төралқа өтінішті қараудың нәтижелері бойынша Алқаның мүшелігіне қабылдау немесе Алқаның мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы уәждемелі шешімді қабылдайды.



21. Алқаның мүшелігіне қабылдау туралы өтініштен келесі жағдайлардың бірі анықталған кезде бас тартуға тиісті:

адамды сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп тану;

заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығының бары;

қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде адамды босату, осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан шығару, сондай-ақ судья лауазымынан босату, шығарылған (босатылған) күннен бастап бір жыл бойы;

адамның әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы, осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

егер шығарылған күннен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, теріс себептер бойынша заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару;

шет мемлекет азаматтығының болуы;

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2-4 тармақтарының көзделген негіздері бойынша адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру;

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының көзделген тәртіппен және негізінде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату;

22. Алқаның мүшелігіне қабылдаудан бас тарту үшін негізі кіру немесе нысаналы жарналарды төлеу туралы талабының болуы мүмкін емес.

23. Алқаның мүшелігіне қабылдаудан бас тартуға мүдделі тұлғаға бас тарту туралы шешімнің көшірмесі табыс етілген күнінен бастап бір ай мерзім ішінде Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

24. Алқадан шығарылып, бірақ адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясын сақтап қалған адамды Алқаның мүшелігіне қабылдау шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін жүзеге асырылады.

4.2. АЛҚАДАҒЫ МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТА ТҰРУ ТӘРТІБІ

26. Төралқа адвокаттың адвокаттық қызметті тоқтата тұру туралы өтініші негізінде Алқадағы мүшелікті:

1) жүктілігі және босануы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған кезеңінде;

2) еңбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам адвокаттық қызметті жүзеге асыру мүмкінсіздігі кезеңінде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекке қабілетсіздігінің бірінші күнінен бастап еңбек қабілеттілігінің қалпына келу күніне дейін немесе мүгедектікті анықтауға не кәсіптік еңбек қабілетінен айырылуын анықтағанға дейін;

3) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2 және 3 тармақтарының көзделген негіздері бойынша оның лицензиясының қолданысын тоқтата тұру кезеңінде тоқтата тұрады.

27. Осы Жарғының 26-тармағының 1) және 2) тармақшаларының көзделген негіздер бойынша мүшелікті тоқтата тұру кезеңінде Төралқа Алқаның мүшесін мүшелік және нысаналы жарналарды төлеуден босатады.

4.3. Алқадағы мүшеліктен шығару тәртібі

28. Алқадағы мүшелік адвокатты мынадай жағдайларда Алқа мүшелігінен шығару жолымен тоқтатылады:

1) адвокаттың өз еркімен Алқа мүшелігінен шығу туралы өтінішті бергенде;

2) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда;

3) адвокат өз міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексінде және осы Жарғыда бекітілген заң көмегін көрсету қағидаттарын өрескел не бірнеше рет бұзғанда;

4) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіптік міндеттерін орындай алмайтыны анықталғанда;

5) қатарынан екі айдан астам мүшелік жарналарды жүйелі түрде төлемегенде;

6) коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу, Алқаларда, Республикалық адвокаттар алқасында және халықаралық қоғамдық адвокаттар бірлестіктерінде ақылы қызметке сайлану немесе тағайындалу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар кәсіпкерлік немесе өзге ақы төленетін қызметпен де айналысқан жағдайда;

7) адвокат қайтыс болғанда;


8) адвокат алқаға қасақана материалдық зиян келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіптерімен;

9) Жалпы жиналыс (Конференция) анықтаған тәртіппен және мөлшерде нысаналы жарнаны төлемеген жағдайда;

10) адвокат Жалпы жиналыстың (Конференцияның), Адвокаттар алқасы республикалық конференциясының және олардың органдарының шешімдерін орындамаған немесе оны орындаудан бас тартқан жағдайда.

29. Осы Жарғының 28-тармағының 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша Алқадағы мүшелікті тоқтату адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуға алып келеді.

Алқаның мүшелігінен шығару Төралқа қаулысының көшірмесі адвокатқа табыс етілген күннен бастап бір ай мерзімде Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.



5. АЛҚАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ОНЫҢ ОРГАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТІ

5.1. Алқа мүшелерінің жалпы жиналысы

30. Алқаның жоғары органы Алқа мүшелерінің Жалпы жиналысы (конференция) (бұдан әрі - Жалпы жиналыс (Конференция)).

Төралқа Жалпы жиналысты (Конференция) кемінде жылына бір рет шақырады.

31. Ревизиялық комиссияның немесе Алқа мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша Төралқаның төрағасы отыз күн ішінде Жалпы жиналысты (Конференцияны) шақыруға міндетті.

32. Жалпы жиналыс (Конференция) Алқа мүшелерінің жалпы санының немесе тиісінше, Конференцияның сайланған делегаттары құрамының үштен екісі болған кезде шешімдер қабылдауға құқылы.

33. Жалпы жиналыс (Конференция) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқығы бар.

34. Жалпы жиналыстың (Конференцияның) ерекше құзыретіне:

1) Алқаның Жарғысын және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдерді қабылдау;

2) Төралқаны, Төралқаның төрағасын сайлау;

3) Алқаның ревизиялық және тәртіптік комиссиялары туралы ережелерді бекіту;

4) Алқаның ревизиялық және тәртіптік комиссия мүшелерін және олардың төрағаларын сайлау;

5) әдеп бойынша комиссиясы туралы ережені бекіту, оның құрамын және төрағасын сайлау;

6) басқа органдарды бекіту, олардың ережелерін бекіту және олардың құрамдарын сайлау;

7) адвокаттар алқасы органдарының, жетекшілерінің және адвокаттар алқасы жұмыскерлерінің қызметі туралы есептерді, соның ішінде Алқаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есепті тыңдау және бекіту;

8) Төралқа мүшелерін, Төралқа төрағасын, Алқаның басқа да сайланбалы органдарының мүшелері мен төрағаларын мерзімінен бұрын кері шақыртып алу;

б) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде есептелетін мүшелік және нысаналы жарналардың мөлшерлемелерін белгілеу жатады, бұл ретте кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан аз адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік және нысаналы жарналарды төлеуді бекіту жатады.

35. Жалпы жиналыс (Конференция) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жалпы жиналыстың (Конференцияның) шешімінде көзделген басқа қызметтерді жүзеге асыруға құқығы бар.

5.2. Алқаның төралқасы



36. Алқаның төралқасы (бұдан әрі - Төралқа) Жалпы жиналыс (Конференция) төрт жыл мерзімге құпия дауыс беру арқылы сайлаған Алқаның атқарушы органы болып табылады.

Бір адамдар Төралқаның мүшелігінде бір реттен артық болуы мүмкін емес.

37. Төралқа:

1) Алқаның жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету бойынша жұмысты, соның ішінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бюджеттік қаражаттар есебінен адвокаттармен көрсетіледі.

2) Жалпы жиналысты (Конференцияны) шақырады және оның шешімінің орындалуын ұйымдастырады;

3) адвокаттардың кәсіптік және өзге құқықтарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, соның ішінде Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының негізінде, адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;

5) Адвокаттардың Республикалық адвокаттар алқасына олардың қызметтері туралы жинақталған есептерді тоқсан сайын ұсынады;

6) жүктілігі және босануы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған кезеңінде адвокаттарды және еңбекке уақытша қабілетсіздігінің салдарынан екі айдан астам адвокаттық қызметті жүзеге асырмаған адвокаттарды мүшелік және нысаналы жарналарды төлеуден босатады;

7) адвокаттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалардан түскен шағымдарды (ұйғарымдарды) тексеру бойынша жұмысын ұйымдастырады;

8) адвокаттардың аттестаттаудан өтуін және олардың біліктілігін арттыру бойынша жұмысын ұйымдастырады;

9) осы Заңда көзделген негіздер бойынша лицензиарға адвокатқа қатысты адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат береді;

10) адвокаттардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

11) жыл сайын мониторинг нәтижелері бойынша алқа адвокаттары көрсететін қызметтердің орташа құнын (көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша) айқындайды және осы ақпараттың адвокаттар алқасының, Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырылуын және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді;

12) Алқа мүшелерінің оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

13) кодификациялық-анықтамалық жұмыс жүргізуді ұйымдастырады, адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды әзірлейді және басып шығарады;

14) заң консультацияларын құрады, олардың меңгерушілерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады

15) Республикалық адвокаттар алқасы бекіткен нысан бойынша адвокат куәлігін береді;

16) адвокаттар алқасының қаражатына осы Жарғыда айқындалған және Жалпы жиналысы (конференциясы) айқындаған тәртіппен билік етеді;

17) бухгалтерлік есепке алуды, қаржылық есептілікті, іс қағаздарын жүргізуді және бастапқы статистикалық деректерді қалыптастыруды ұйымдастырады;

18) Алқаның мүлкіне билік ету тәртібін айқындайды;

19) Жалпы жиналыстың (Конференцияның) және Адвокат алқалары делегаттарының республикалық конференциясының және олардың органдарының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

20) Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокатқа қатысты тәртіптік өндіріп алу шараларын қолдану туралы шешімді қабылдаған, Алқаның мүшесіне және шағым түсірген тұлғаға, алғанын тіркейтіндігін қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып шешімнің көшірмесін жолдайды;

21) Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы дайындаған тәртіптік тәжірибенің қорытындысын қарастырады және онда баяндалған ұсыныстардың орындалуы бойынша шаралар қабылдайды;

22) Алқаның ревизиялық комиссиясының ұсыныстарын жүзеге асыру бойынша шараларды қабылдайды;

23) Алқаның мәніне және мақсаттарына қайшы келмейтін өзге іс-әрекеттерді жүзеге асырады және Жалпы жиналыстың (Конференцияның) ерекше құзыретіне жатқыздырылған мәселелерден басқа Алқа қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.

38. Төралқаның отырыстары оның мүшелерінің кемінде жартысы болған жағдайда жүргізіледі. Шешімдер Төралқа мүшелерінің көптеген дауыстарымен қабылданады.

39. Төралқаның қаулысын Төралқаның өзі немесе Жалпы жиналысы (Конференциясы) қайта қарауы мүмкін.

5.3. Төралқаның төрағасы

40. Төралқаның жұмысын төраға басқарады (бұдан әрі - Төраға), сайланған күніне дейін кемінде бес жыл тікелей Алқаның мүшесі болған, жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге адвокаттардың қатарынан сайланады.

Дәл сол бір адам Төралқа төрағасының лауазымын бір мерзімнен артық атқара алмайды.

41. Жарғыға сәйкес Төраға:



1) Төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және Жалпы жиналыстың (Конференцияның), Алқаның, Адвокаттар алқасы республикалық конференцияның және олардың органдарының шешімінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) Төралқа аппаратының жұмысын басқарады, бекітілген штаттық кестенің аясында Алқа аппараты жұмыскерлерінің қабылдануын және олардың шығарылуын жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа ұйымдарда және мекемелерде адвокаттар алқасы атынан өкілдік етеді;

4) адвокаттық қызметті ұйымдастырудың адвокат таңдаған нысанын және заңды мекенжайын көрсетіп, адвокаттар алқасына мүше болып кірген, сондай-ақ шығарылу себептерін көрсете отырып, адвокаттар алқасына мүшеліктен шығарылған лицензиаттар туралы мәліметтердің лицензиарға, Республикалық адвокаттар алқасына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

5) адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді қоса алғанда, Алқаның қызметі туралы есептің Республикалық адвокаттар алқасына ұсынылуын қамтамасыз етеді;

6) адвокаттар көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу туралы жиынтық есептің аумақтық әділет органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

7) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді;

8) адвокаттардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

9) Төралқа отырыстарының уақтылы шақырылуын қамтамасыз етеді, оның отырыстарында төрағалық етеді;

10) Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының қызметін қамтамасыз етеді;

11) адвокаттардың тәртіптік комиссиясының жұмыс нәтижелерінің Алқаның интернет-ресурстарында орналасуын қамтамасыз етеді;


12) Ревизиялық комиссияға Алқаның және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында Алқаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепті орналастыруға жәрдемдеседі;

13) Төралқаның қарауына Алқаның мүшелігіне қабылдау және Алқаның мүшелігінен шығару туралы мәселелерді Адвокаттардың тәртіптік комиссия шешімдерінің негізінде енгізеді;

14) Жалпы жиналыстың (Конференцияның) және Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының және оның органдарының ерекше құзыретіне жатқызылғандардан басқа мәселелерді Төралқаның қарауына енгізеді;

15) Жалпы жиналыстың (Конференцияның), Алқаның, Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының және олардың органдарының ерекше құзыретіне жатқызылғандардан басқа Алқа қызметінің өзге де мәселелерін шешеді;

42. Төралқаның Төрағасы болмағанда оның міндеттерінің орындалуы



Төралқа Төрағасының орынбасарына жүктеледі.

5.4. Алқаның ревизиялық комиссиясы

43. Алқаның ревизиялық комиссиясы (бұдан әрі - Ревизиялық комиссия) Алқаның және оның органдарының қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

44. Ревизиялық комиссия Жалпы жиналыстың (Конференцияның) құрамы Алқа мүшелерінің қатарынан бес адамнан аспайтын екі жыл мерзімге сайланады және Жалпы жиналысқа (Конференцияға) есеп береді. Дәл сол бір адам Ревизиялық комиссияның құрамында бір мерзімнен артық бола алмайды.

45. Ревизиялық комиссияның төрағасын Ревизиялық комиссия мүшелерінің қатарынан Жалпы жиналыс сайлайды.

46. Ревизиялық комиссияның мүшелері алқадағы өзге сайланбалы лауазымды иеленуге құқығы жоқ және өз қызметін ерікті негіздерде ақысыз жүзеге асырады.

47. Ревизиялық комиссияның кез келген уақытта Алқаның қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқығы бар. Ревизиялық комиссияның талап етуі бойынша Алқаның органдары тексеру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға және ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті.

48. Тексеруді жүргізген кезде Ревизиялық комиссия қаржылық-шаруашылық қызметін жүргізу, мүшелік жарналарды төлеу тәртібі және пайдалану мәселелері бойынша Төралқаға және оның төрағасына ұсыныстар беруге құқығы бар.

49. Ревизиялық комиссия Алқаның қаржылық-шаруашылық қызмет туралы жылдық есептің тексеруін жылына кемінде 1 рет міндетті тәртіпте жүргізеді және Төралқаға тексерудің нәтижелері туралы анықтаманы Алқаның және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастыру бойынша шараларды қабылдау үшін жібереді.

50. Ревизиялық комиссия жеке бастамашылық бойынша не Жалпы жиналыстың (Конференцияның) немесе Төралқаның шешімі негізінде, не Алқа мүшелерінің тізімдік құрамынан жиырма бес пайыздың талабы бойынша Алқаның және заң консультацияларының қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеруді жүргізеді.


51. Ревизиялық комиссия Төралқаның шешімі бойынша ай сайынғы мүшелік және нысаналы жарналарды төлеудің дұрыстығын бақылау мәніне кәсіптік қызметті жүзеге асыратын адвокаттық конторалардың және адвокаттардың қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеруді жүргізеді.

52. Ревизиялық комиссия өзінің қызметі туралы есепті кезекті Жалпы жиналысына (Конференцияға) ұсынады.

Ревизиялық комиссия тексерудің нәтижелері туралы Төралқаға және тексерудің жүргізілуіне бастамашылық еткен тұлғаларға хабарлайды.

53. Ревизиялық комиссияның Алқаның қаржылық-шаруашылық қызметінде анықталған қатаң бұзушылықтарға байланысты кезектен тыс Жалпы жиналысты (Конференцияны) шақыруды талап ету құқығы бар.

54. Ревизиялық комиссияның жұмыс тәртібін, есепті ұсынудың



кезеңділігін Жалпы жиналыс (Конференция) бекіткен Ревизиялық комиссия туралы ережесі айқындайды.

5.5. Адвокаттық әдеп бойынша комиссия

55. Адвокаттық әдеп бойынша комиссия адвокаттардың және адвокаттың тағылымдамадан өтушілерінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Адвокаттар алқасының, Республикалық адвокаттар алқасының және олардың органдарының ішкі құжаттарында кәсіптік және әдеп мінез-құлық нормаларын және өзге талаптарын сақталуын бақылау мақсатында құрылады.

56. Адвокаттық әдеп бойынша комиссиясын Жалпы жиналыс (Конференция) төрт жылға ашық дауыс беру жолымен сайлайды.

Адвокаттың әдеп бойынша комиссияның сандық құрамын Жалпы жиналыс (Конференция) анықтайды.

Адвокаттық әдеп бойынша комиссияның төрағасын Жалпы жиналыс (Конференция) Адвокаттық әдеп бойынша комиссияның сайланған мүшелердің қатарынан ашық дауыс беру жолымен сайлайды.

57. Адвокаттық әдеп бойынша комиссияның қызмет тәртібі және өкілеттіктері Жалпы жиналыс (Конференция) бекіткен ережемен реттеледі.

5.6. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы

58. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы (бұдан әрі - Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы) Жалпы жиналыс (Конференция) екі жылға сайлаған, құрамы Төралқаның ұсынысы бойынша кемінде бес жыл адвокаттық өтілі бар алты адвокат, Түркістан облысы Әділет департаментінің ұсынған жұртшылықтың үш өкілі және Алқаның өз таңдауы бойынша отставкадағы екі судья сайлайтын Алқаның тәуелсіз органы болып табылады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссияның төрағасын оның құрамына сайланған адвокаттардың қатарынан Жалпы жиналыс (конференция) сайлайды.

Бір адам Адвокаттардың тәртіптік комиссиясында бір реттен артық болуы мүмкін емес.


59. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы Алқа мүшелеріне және адвокаттардың тағылымдамадан өтушілеріне қатысты тәртіптік істі бұзушылық анықталған күнінен бастап бір айдан артық емес мерзімде қарастырады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімі міндетті сипатын алады.

60. Тәртіптік комиссия Жалпы жиналысқа (Конференцияға) есеп береді.

61. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ереже және тәртіптік жауапкершілікке тарту рәсімін Адвокаттар алқасының республикалық конференциясы бекітеді.

6. ЗАҢ КОНСУЛЬТАЦИЯСЫ



62. Алқаның төралқасы азаматтардың заң көмегіне қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін заң консультацияларын, соның ішінде мамандандырылған консультацияларды құрады және оның орналасу жерін анықтайды.

63. Заң консультациясы Алқаның құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Жалпы жиналыс (Конференция) қабылдаған ереженің негізінде әрекет етеді.

64. Заң консультациясының өз атауы және тиісті Алқаға тиесілілігі көрсетілген мөрі, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыруға қажетті өзге атрибутикасы болады.

65. Заң консультациясын Төралқа тағайындаған меңгеруші басқарады.

7. МҮЛІКТІҢ ПАЙДА БӨЛУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ОҒАН ИЕЛІК ЕТУ ТӘРТІБІ

66. Алқаның мүлігі Алқаның мүшелерін төлейтін нысаналы және мүшелік жарналар, сондай-ақ адвокаттардың тағылымдамадан өтушілері төлейтін тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру үшін жарналар, адвокаттардың ерікті жарналары, гранттар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін қайырымдылық көмек, қайырмалдықтар есебінен қалыптастырылады.

67. Алқаның ортақ мұқтаждарға арналған шығындарына оны материалдық қамтамасыз етуге, Алқаға сыйақы беруге арналған шығыстар және олардың органдарында жұмыс істеуіне байланысты шығыстардың өтемақысы, Алқа аппараты жұмыскерлерінің жалақысына жұмсалатын шығыстар мен Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Алқаның сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.

68. Мүшелік жарналарды төлеуден түсетін қаражаттар адвокаттарға сыйақы беруге және олардың Алқа органдарындағы жұмысына байланысты шығыстардың өтемақысына, сондай-ақ Алқа аппараты жұмыскерлерінің жалақысына жұмсалады.

69. Нысаналы жарналар Алқа қызметінің материалдық қамтамасыз етілуіне ғана жұмсалады.

70. Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілері төлейтін жарналар тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруға және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 6-тармағының үшінші бөлігіне сай адвокаттың көмекшісі ретінде еңбек келісімшарты бойынша жұмысқа қабылданған адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің жалақысын төлеуге жұмсалады.

71. Мүлікке иелік ету тәртібін Төралқа анықтайды, ол нысаналы жарналарды төлеуден және тағылымдамадан өту үшін төленетін жарналардан түсетін қаражатты Алқаның штаттық жұмыскерлеріне жалақыны, сыйлықақыларды және басқа сыйақыларды төлеуге жіберуге құқылы емес.

72. Гранттар, жеке және заңды тұлғалардың қайырымдылық көмегі және қайырмалдықтар есебінен түсетін қаражаттар Алқа аппараты жұмыскерлеріне сыйлықақы беруге және Төралқа белгілеген тәртіпте,

шарттарда және мөлшерде материалдық көмекке бағытталуы мүмкін.

8. МҮШЕЛІК, НЫСАНАЛЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

73. Адвокаттар мүшелік жарналарды алатын табысына қарамастан ай сайын төлеуге тиесілі.

Кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан аз адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар Төралқаға тиісті уәжді өтінішпен жүгінген жағдайда белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде төлейді.

74. Нысаналы жарналар және тағылымдамадан өту үшін жарналар Алқа мүшелерінің Жалпы жиналысы (Конференциясы) белгілеген тәртіпте және мерзімдерде төленуге тиісті.

9. АДВОКАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ СОТТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРГЕУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЗАҢ КӨМЕГІН АДВОКАТТАР АРАСЫНДА БӨЛУ ТӘРТІБІ

75. мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету әділет департаментімен мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы келісім жасаған адвокаттың міндеті болып табылады.

76. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету бойынша адвокаттардың қызметін ұйымдастыру Төралқа қамтамасыз етеді.

Бұл мақсаттарда Төралқа Республикалық адвокаттар алқасы бекіткен іріктеу мөлшерлеріне сай адвокаттардың тізімін жыл сайын құрастырады және бірінші желтоқсаннан кешіктірмей мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесінде қатысатын адвокаттардың тізімін аумақтық әділет органына жіберіледі (бұдан әрі - Тізім).

77. Тізімге заң консультациялары, адвокаттық конторалар арқылы және заңды тұлғаны құрмай жеке қызметін жүзеге асыратын, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесінде қатысу туралы жазбаша өтініш берген адвокаттар қосылуға жатады.

78. Тізім «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 4-тармағында орнатылған талаптарға жауап беруі тиіс және кезеңді жаңартуға және өзекті күйде қолдауға жатады.

79. Төралқа мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуде адвокаттардың қатысуын теңдей қамтамасыз ету мақсатында адвокаттық конторалар арқылы немесе жеке өз қызметін жүзеге асыратын Адвокаттардың тізіміне қосылған тиісті адвокат кеңсесінің орналасу жері бойынша заң консультациясына тіркеу туралы шешім қабылдайды.

80. Адвокаттар «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 7 және 8 тармақтарында орнатылған тәртіпте алименттерді өндіріп алу, зейнетақыларды және жәрдемақыларды тағайындау, босқын немесе оралманның мәртебесін алу, ата-ананың

қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар мәселелері бойынша жеке тұлғаларға немесе олардың өкілдеріне (нотариалды ресми сенімхат болған жағдайда) құқықтық консультация түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетеді. Бұл жағдайларда адвокат уәкілетті орган анықтаған тәртіпте көрсетілген заң көмегінің есебін жүргізеді.

Қажеттілік жағдайларда адвокаттар құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды құруға міндетті.

81. Адвокаттар Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодексінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіпте және жағдайларда қылмыстық және азаматтық істерде сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерде жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және өкілдік ету түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетеді.

82. Адвокаттардың қатысуын Төралқа немесе қылмыстық істі жүргізетін органның қаулысы негізінде қылмыстық істер бойынша заң консультациясы қамтамасыз етеді; азаматтық істер бойынша - судьяның немесе соттың анықтауы бойынша; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша - соттың қаулыс немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі қарауға уәкілетті органның (лауазымды тұлғаның), қорғаушы немесе өкілі ретінде адвокатты тағайындау туралы.

83. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж адамдар Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жеріне және орналасқан жеріне қарамастан оны алуға құқығы бар.

84. Адвокат мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабында көзделген негіздер бойынша бас тартуға құқығы бар.

10. АДВОКАТТАРДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

85. Аттестаттау комиссиясы адвокаттарды аттестаттаудан олардың кәсіптік білімдерінің деңгейін, құқықтық мәдениетінің деңгейін және адвокаттық қызметпен айналысатын тұлғаларға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында өткізеді.

86. Аттестаттау комиссиясын төрт жыл мерзімге ашық дауыс беру жолымен Жалпы жиналыс (Конференция) сайлайды. Комиссияның сандық құрамын Жалпы жиналыс (Конференция) анықтайды.

Аттестаттау комиссиясының төрағасын Аттестаттау комиссияның сайланған мүшелерінің құрамынан ашық дауыс беру жолымен Жалпы жиналыс (Конференция) сайлайды.

87. Адвокаттарды аттестаттаудың өткізудің тәртібін және мерзімдерін Адвокаттар алқасының республикалық конференциясы бекіткен Адвокаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы ереже анықтайды.

11.

АЛҚА МҮШЕЛЕРІНІҢ, АДВОКАТТЫҢ ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУШІЛЕРІНІҢ ТӘРТІПТІК ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ОҒАН ТАРТУ ТӘРТІБІ

88. Алқаның мүшелері және адвокаттың тағылымдамадан өтушілері «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінің, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексінің, Алқа Жарғысының талаптарын, Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережесін бұзғанын, Алқа органдарының және Республикалық адвокаттар алқасының шешімдерін орындамағанын көрсететін жеткілікті мәліметтер болған жағдайда тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

89. Тәртіптік істі қозғау үшін негіз адвокаттардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, соттардың жеке қаулылары (ұйғарымдары), адвокаттың, тағылымдамадан өтушінің қызметін тексеру материалдары болып табылады.

90. Адвокатқа қатысты тәртіпті істі қозғау туралы шешім Жалпы жиналыстың (конференцияның), Төралқаның немесе Төралқа төрағасының шешімі бойынша қабылданады, ол Адвокаттар алқасының республикалық конференциясы бекіткен Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережемен айқындалған тәртіппен және мерзімде Адвокаттардың тәртіптік комиссиясына жолданады.

91. Тағылымдамадан өтушілердің тәртіптік жауапкершілігі адвокаттар үшін көзделген негіздер бойынша және Адвокаттар алқасының республикалық конференциясының уәкілетті органымен келісімі бойынша, және Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасында бекітілген адвокаттардың тағылымдамадан өтушілері тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережемен көзделген тәртіпте болады.


92. Тәртіптік істің мақсаттары әділет органдарының және басқа ұйымдардың өтініштерін, хабарламаларын, ұйғарымдарын (бұдан әрі - жүгінулер), адвокаттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) соттардың жеке қаулыларын (ұйғарымдарын) уақтылы, объективті және әділетті қарау болып табылады.

93. Тәртіптік істің мәні қоғамдық пікірдегі адвокаттың намысына және ар-ұятына кір келтіретін, мамандықтың қадірін және адвокатураның абыройын түсіретін адвокаттың әрекеттері (әрекетсіздіктері), адвокаттық қызметті жүзеге асырған кезде лайықсыз мінез-құлық фактілері, адвокаттың кәсіптік міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау не Алқа органдарының шешімдері болып табылады.

12. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУҒА АРНАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯДАН АЙЫРУ ТУРАЛЫ ТАЛАП ҚОЮ АРЫЗЫН ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШХАТ ҚОЗҒАУ ТӘРТІБІ

94. Төралқа адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы талап қою арызын дайындау жөніндегі өтінішхатты мынадай жағдайларда қозғауға міндетті:

1) адвокат өз міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп



кодексында және осы Жарғыда бекітілген заң көмегін көрсету қағидаттарын өрескел не бірнеше рет бұзғанда;

2) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіптік міндеттерін орындай алмайтыны анықталғанда;

3) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде лицензия қолданысының тоқтата тұруына әкелген бұзушылықтарды жоймағанда - біліктілігін арттыру бойынша оқытудан себепсіз өтпеу не одан бас тарту; коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар кәсіпкерлік немесе өзге ақы төленетін қызметпен де айналысқан жағдайда;

4) адвокаттың лицензия беру кезінде негіз болған құжаттарда расталмаған немесе қасақана бұрмаланған ақпаратты беру фактісін анықтағанда;

5) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 3-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензияның қолданысын отыз алты ай ішінде үш рет тоқтата тұрған жағдайда.

95. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия қолданысының тоқтатылуы туралы Адвокаттар алқасына хабарлайды.

13. АЛҚАНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

96. Алқа Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексында, осы Заңда, басқа заңнамалық актілерде көзделген тәртіпте қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

Алқаның қайта ұйымдастырылуы қосу, біріктіру, бөлу, бөліп алу, қайта құру нысанында және заңнамада көзделген өзге нысандарда Жалпы жиналыстың шешімі бойынша жүргізіледі.

Сонымен бірге қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сот органдарының шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Жалпы жиналыстың

97. Алқа:

- Жалпы жиналыстың шешімі бойынша;


- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

98. Алқаны соттың шешімі немесе Жалпы жиналыстың шешімі бойынша таратқан жағдайда тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексында айқындалған тәртіпте жүргізіледі.

99. Жалпы жиналыс Алқаны тарату туралы шешімді қабылдаған жағдайда, тарату Жалпы жиналыс сайлаған Тарату комиссиясымен жүргізіледі.

100. Тарату комиссиясына Алқаның мүлкін және істерін басқару бойынша барлық өкілеттіктер өтеді.

Тарату комиссиясы Алқаның атынан сотта шығады.



Тарату комиссиясы Адвокаттар алқасының таратылуы туралы және оның кредиторларының талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы жарияланымды ресми бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады.

Талаптарын мәлімдеу мерзімі тарату туралы жарияланымның шығу уақытынан бастап екі айдан кем болуы мүмкін емес.

102. Кредиторлармен есеп айырысу біткеннен кейін Тарату комиссиясы Алқа мүшелерінің Жалпы жиналысы бекітетін тарату теңгерімін жасайды.

14. АЛҚАНЫ ТАРАТУ КЕЗІНДЕ МҮЛІКТІҢ ТАҒДЫРЫ


103. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік Тарату комиссиясының шешімі бойынша коммерциялық емес ұйымға тапсырылады, оның негізгі қызметі жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.


104. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Жалпы жиналыстың (Конференцияның) шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

105. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының белгіленген заңнама тәртібінде мемлекеттік тіркелген уақыттан бастап күшіне енеді.

Түркістан облыстық
адвокаттар алқасының төрағасы:



С.Ш.Баймуратов.



"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МӘКЕМЕСІ

Қолж. «10» 09 ЗАНДЫ

ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Бизнес-сөйкөстөндіру нөмірі

910440002895

Тіркеу № 16-1959-АА

ТАН РЕСУЛ СІЛІ ҚАСЫ ӘДІЛЕТ
ІЛІНІН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ДЕПАРТАМЕНТІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МӘКЕМЕСІ

НОМІРЛЕГЕНІ ІТІЛГЕНІ ЖӘНЕ
МӨР БАСЫЛҒАНЫ БАРЛЫҒЫ
18 / он сәуір / ТАРАҚ

Қолж. «10» 09